



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАНДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 04 ж. « 09 » 11 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 930940000164

№ 3868-1900-АК

Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 03 » 08



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 19 ж. « 10 » 06

БСН 930940000164

№ 3868-1900-АК

Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 03 » 08



«Нұрбанк» АҚ акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысымен
бекітілді
2019 жылдың «28» мамыр
хағтамасы

**«Нұрбанк»
Акционерлік қоғамының
жарғысы**

СМОТРИТЕ
НА ОБОРоте

4342689

Бұл Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құрастырылған және бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:
 - а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы;
 - б) орыс тілінде: Акционерное общество «Нурбанк»;
 - в) ағылшын тілінде: “Nurbank” Joint-Stock Company.
2. Банктің қысқартылған атауы:
 - а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» АҚ;
 - б) орыс тілінде: АО «Нурбанк»;
 - в) ағылшын тілінде: “Nurbank” JSC.

2-бап. Банктің заңдық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы, корреспонденттік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болады және оларды жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны Банк ретінде әділет органдарында мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасының уәкілетті органы (бұдан әрі осы Жарғының мәтіні бойынша – уәкілетті орган) лицензиясының болуымен айқындалады.

2. Банктің меншік нысаны – жеке меншік.

3. Банк Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

4. Банк өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде банк тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналыс әдебіне, Банктің осы Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3-бап. Банк қызметінің мақсаты мен түрлері.

1. Банк Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, резиденттері мен бейрезиденттеріне сапалы және кешенді қызмет көрсету мақсатында құрылды.

2. Банк қызметінің мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасында нарықтық экономикасының қалыптасуына және одан әрі дамуына көмектесу;

2) экономиканың түрлі салалары мен секторларына және әлеуметтік саланың қалыптасуы мен дамуына көмектесетін қаржы қызметін жүзеге асыру;

3) табыс табу және оны Банк акционерлерінің мүддесіне пайдалану;

4) банк қызметінің өрісін халықаралық нормаларға, стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру және кеңейту.

3. Банк аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін уәкілетті органның лицензиясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік және басқа операцияларды жүзеге асырады.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4-бап. Банктің қызметі жөніндегі жалпы мәліметтер

1. Банк өз қызметін клиенттермен тараптардың өзара міндеттемелерін және мүліктік жауапкершілігін белгілейтін келісімді ақылы негізде жүзеге асырады.

2. Банктің оқшауланған мүліктері бар: Банкке жеке меншік құқығында, демек мүліктік құқықта тиесілі ғимараттар, үйлер, жабдықтар, түрлі қорлар, ақшалар.

3. Ұйымдар мен азаматтардың Банкте сақтаулы ақшалары мен басқа мүліктеріне тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайлар мен тәртіпте тыйым салынуы немесе өндіріп алу айналысы қолданылуы мүмкін.

4. Банк өз клиенттерінің, депозиторларының және корреспонденттерінің операциялары, шоттары және салымдары бойынша, сондай-ақ Банктің сейфтік жәшіктерінде, шкафтарда және үй-жайларында сақтаулы мүліктердің құпиясын сақтауға кепілдік береді.

5. Банктік құпияны құрайтын мәліметтер тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ашылуы мүмкін.

5-бап. Банктің және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өз акционерлерінің мүліктерінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауапты болады.

3. Акционер Банктің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Банктің қызметіне байланысты өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде залал тәуекеліне ие болады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша, ал мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Ал Банк немесе мемлекет өздеріне мұндай жауапкершілікті қабылдаған жағдайларда – жауапты болады.

6-бап. Банктің филиалдары мен өкілдіктері

1. Банк Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, оларға ереже шеңберінде құқықтар беруге құқылы.

2. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және олар орналасқан мемлекеттердің заңнамаларында белгіленген тәртіпте құрылады және жабылады.

7-бап. Банктің деректемелері

1. Банктің өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мөрі, бланктары, логотипі, тауарлық белгілері (қызмет көрсету белгілері) және басқа деректемелері бар.

2. Банктің деректемелері мемлекеттік, орыс және қажет жағдайда ағылшын тілінде рәсімделеді.

8-бап. Банктің атқарушы органының орналасқан жері

және қызметінің мерзімі

1. Банктің атқарушы органы орналасқан жер: Қазақстан Республикасы, А15Е2D3, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10 «В» үй.

2. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

9-бап. Банктің жарғылық капиталы

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банктің жарғылық капиталы акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен құралады.

2. Банктің Директорлар кеңесі жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдайды.

3. Банктің жарияланған акцияларының саны Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген басқа жағдайларда арттырылады. Банктің жарғылық капиталының арттырылуы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

10-бап. Банктің қорлары

1. Банк қызметінің тиімділігі үшін Банкке қажетті мақсатты, арнаулы және өзге де қорларды құрады.

2. Банктің қорларын құру және пайдалану тәртібі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

2-тарау. Банктің акциялары және басқа бағалы қағаздары

11-бап. Акциялардың түрлері

1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

2. Жай акция Банк акционеріне дауысқа енгізілген барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

3. Артықшылықты акцияларға ие Банк акционерлері - жай акцияларға ие Банк акционерлеріне қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдендірілген мөлшерде дивидендтер алуға және Банк таратылған кезде осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Банктің мүлкінің бір бөлігін алуда басымдылық құқығы бар.

4. Осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция Банк акционеріне Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

5. Артықшылықты акция Банк акционеріне Банкті басқаруға қатысу құқығын келесі жағдайларда береді:

1) егер Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы сол мәселенің шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші Банк акционерінің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырса. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданған болып есептеледі;

Артықшылықты акцияларға ие Банк акционерінің құқығын шектеуі мүмкін шешім қабылданатын мәселелерге төмендегі мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту немесе мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау.

2) егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысы ұйымдастырылмаған нарықта Банк артықшылықты акцияларды сатып алатын кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне енгізілетін өзгертулерді бекіту туралы мәселені қарастырса.

3) егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырса.

4) егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында қарастырылған негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбесе. Бұл жағдайда Банк акционерінің – артықшылықты акциялар иесінің Банкті басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толықтай төленген күннен бастап тоқтатылады.

6. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк өз акцияларын, оларды шығаруды мемлекеттік тіркеуден кейін акциялардың жарияланған саны шеңберінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы тек ақшалай төлеу жолымен орналастырады.

7. Толық төленбеген акциялардың және Банк сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы жоқ және олар бойынша дивиденд төленбейді.

12-бап. Банктің дивиденд төлеу тәртібі

1. Банк акционерінің өзіне тиесілі акциялар бойынша Банк төлейтін табыс дивиденд болып табылады.

2. Дивиденд төлеу ақшалай жүзеге асырылады. Егер дивиденд төлеу туралы шешім Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беретін акциялардың жай көпшілік дауысымен қабылданып, және осындай төлем жария етілген акциялармен немесе Банк шығарған облигациялармен жүзеге асырылуына Банк акционерінің жазбаша келісімі болса, Банктің артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есепке алмай, Банктің бағалы қағаздарымен жүргізілуі мүмкін. Банктің артықшылықты акциялар бойынша дивидендті бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

3. Акцияларды шығарудың тиісті проспектімен басқа шарттар белгіленбеген болса, акциялар бойынша дивиденд төлеу келесідей кезеңділікпен жүзеге асырылады:

4. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу жылына бір рет жүзеге асырылады;

5. Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шешімімен жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

6. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса, дивиденд есептелмейді және төленбейді.

8. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу Банктің қандай да бір органының шешімі болуын талап етпейді.

9. Бір артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдендірілген мөлшері 1 000 (мың) теңге көлемінде белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері сол кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивиденд мөлшерінен аз болмауы тиіс.

10. Дивиденд төлеу кезінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер бірінші кезекте төленеді, содан соң жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді.

11. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталудан бұрын 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде дивидендтер төлеу туралы, сонымен қатар Банктің бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті.

12. Дивиденд алуға құқылы Банк акционерлерінің тізімі дивидендтер төлеу күнінен бұрынғы күнге жасалуы тиіс. Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған негіздер бойынша дивиденд есептелмеген (төленбеген) жағдайларды қоспағанда, акционер Банк берешегі туындаған мерзімге қарамастан, алынбаған дивидендтерді талап етуге құқылы.

13-бап. Орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы

1. Орналастырылған акцияларды оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Банктің акцияны сатып алуы кезінде оның құнын айқындаудың Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте

бекітілген әдістемеге сәйкес Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүзеге асырылады. Бастапқы бағалы қағаздар нарығында орналастыру кезінде Банктің өз акцияларын сатып алуына жол берілмейді.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Банк сатып алған акциялар Банк акционерлерінің жалпы жиналысы кворумын анықтау кезінде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.

14-бап. Банктің облигациялары

1. Банктің Директорлар кеңесі белгілеген шығару шарттарына сәйкес Банктің қызметін әрі қарай жалғастыру үшін қаражаттар тарту мақсатында Банк облигациялар шығаруға құқылы.

2. Облигация шығару тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамамен реттеледі.

15-бап. Банктің облигациялары бойынша сыйақы

Банк шығарған облигациялар бойынша сыйақы біржолғы немесе мерзімді төлеу түрінде белгіленіп, олар облигация шығару шарттарына сәйкес облигацияларды өтеу мерзімінің соңына дейін (өтеу сәтінде) жүзеге асырылады.

16-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар

1. Банк айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы, бағалы қағаздарды айырбастау шарттары мен тәртібі жөніндегі шешімді Банк акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

2. Акцияға айналатын бағалы қағаздарды шығаруға Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылық шегінде жол беріледі.

3. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары, мерзімдері және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

4. Банк бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға, осындай айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Банк акционерлеріне (акция сатып алуды жоспарлаған тұлғаларға) қатысты белгілеген талаптарды орындаған жағдайда. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға тыйым салынады.

17-бап. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің акцияларының басқа түріне айырбастау

1. Банк Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің акцияларының басқа түріне айырбастауға құқылы.

2. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің акцияларының басқа түріне айырбастау шарттарын, мерзімін және тәртібін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы белгілейді.

18-бап. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Банк акционерінің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі жөнінде ақпарат алуға, оның ішінде Банк акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банктің қаржылық есептемелігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына үміткер ұсынуға;

6) Банктің органдары қабылдаған шешімдер туралы сот тәртібімен дау айтуға;

7) бір өзі немесе басқа Банк акционерлерімен бірлесіп Банктің дауыс беруші акцияларының жиынтығында бес және одан да көп пайызына иелік еткен кезде Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Банктің лауазымды тұлғалары және (немесе) олармен үлестес тұлғалар, олар ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүддесі бар мәміле жасау (мәміле жасау туралы ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған кірістерін (табыстарын) Банкке өтеуі туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде оған дәлелді жауап алуға;

9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіпте Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айналатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы;

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте Банк акционерлерінің жалпы жиналысында Банктің акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы;

12) өзі дербес немесе басқа Банк акционерлерімен Банктің дауыс беретін акцияларының жиынтығында бес және одан да көп пайызын иеленген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің Директорлар кеңесіне Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге.

2. Өзі дербес немесе басқа Банк акционерлерімен бірлесіп Банктің дауыс беретін акцияларының жиынтығында бес және одан да көп пайызына ие болған акционерлері Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша өтелетін сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты алуға құқылы, төменде аталған шарттар бір уақытта болған кезде:

сот Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының сол мүшесі өзі (өздері) немесе оның үлестес тұлғалары пайда (табыс) алу мақсатында Банк акционерлерін қасақана жаңылыстырған фактісін анықтаған жағдайда;

Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Банк Басқармасының аталған мүшесінің ықпалсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі Банкке залалдар келуін тудырғаны дәлелденсе.

3. Банктің ірі акционері келесі құқықтарға ие:

1) Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Банктің Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру талабымен сотқа жүгінуге;

2) Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап етуге.

Банктің артықшылықты акцияларына иелік ететін Банк акционеріне осы баптан бөлек берілген құқықтардың көлемі осы Жарғының 11-бабында көрсетілген.

Банк акционерінің бағалы қағаздарды сатып алудағы артықшылықты құқығын іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдары мен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген.

4. Банк акционерінің міндеттері:

1) акцияларды төлеуге;

2) он жұмыс күнінің ішінде Банк акцияларын ұстаушыларының тізімдеме жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтері өзгергені туралы орталық депозитарийге және (немесе) аталған Банк акционерінің акцияларын номиналды ұстаушысына хабарлауға;

3) Банкке немесе оның қызметіне қатысты қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға.

5. Банк акционерінің осы тармақтың 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындауының салдары үшін Банкке, орталық депозитарийге және (немесе) номиналды ұстаушыға жауапкершілік артылмайды.

3-тарау. Банкті басқару

19-бап. Банк органдары

Келесі органдар – Банктің органдары болып табылады:

- 1) Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Банктің басқа органдары.

20-бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің акцияларына ие акционерлерді шақыру арқылы құрылады. Банк акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуі тиіс. Есептік кезең ішінде Банкке аудит жүргізуді аяқтау мүмкін болмаған жағдайда жоғарыда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға ұзартылған болып саналады.

Банктің әрбір акционері Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс берген кезде өзіне тиесілі дауысқа қатысатын акциялар санына тең дауыс беру санына ие. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді жүзеге асыратындар:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) Банкпен жасалған келісімшартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) Банктің Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарату комиссиясы.

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ соған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған бір акция түрін екінші бір түріне айырбастау туралы шешім қабылдау және ондай айырбастаудың шарттарын, мерзімін және тәртібін бекіту;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамы мен мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ

Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен өтемақы төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу;

10) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;

11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12) Банктің есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Банктің акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе өзге заңды тұлғаларға қатысушылары (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банк акционерлеріне хабарлау нысанын белгілеу;

17) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Банк ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын белгілеу әдістемесін және әдістемеге енгізілетін өзгертулерді бекіту;

18) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) Банктің акционерлеріне Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;

20) нәтижесінде Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Банктің жасасуы туралы шешім қабылдауы;

21) Банктің жасауға мүддесі бар ірі мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы;

22) Заңнамалық актілерде және осы Жарғыда шешім қабылдау Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

3. Осы баптың 2-тармағының 2), 3), 4) және 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

4. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы осы баптың 2-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші бір түріне айырбастауға қатысты бөлігінде, артықшылықты акцияларға иелік ететін Банк акционерінің құқығын шектеуі мүмкін шешім шығаруы, мұндай шешім шығаруға орналастырылған (сатып алынған акцияларды шегеріп) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екі бөлігінен кем емес дауыс берілген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

5. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) осы Жарғыда басқа шарттар белгіленбесе, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өзге мәселелер бойынша шешімдерді Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауыспен қабылдайды.

6. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

7. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесінің және Банктің ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады.

8. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Банк акционерлерінің тізімін орталық депозитарий Банктің акцияларына иелік

ететіндердің тізімі деректерінің негізінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні Банк акционерлерінің жалпы жиналысын жүргізу жөніндегі шешімді қабылдаған күннен бұрын белгілеуге болмайды.

9. Банк акционерлеріне алда Банк акционерлерінің жалпы жиналысы –өкізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын, ал өткізу кезінде Банктің бір немесе одан көп акционерлерін хабарландыру үшін пошта байланыс құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын хабарланады.

10. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру туралы мәселе қойылған жағдайда пруденциялық және өзге де, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен лимиттерді сақтау мақсатында уәкілетті органның талабы бойынша Банк акционерлеріне алдағы Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін туралы, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен бұрын, ал өткізу кезінде Банктің бір немесе одан көп акционерлерді хабарландыру үшін пошта байланыс құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беретін жағдайда – 15 (он бес) жұмыс күні бұрын хабарлануы тиіс.

11. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы немесе Банк акционерлеріне жіберілуі тиіс.

Егер Банк акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аз болса, хабарлама Банк акционерлерінің назарына жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Банктің акционерлеріне қағаз тасығышпен немесе электрондық нысанда жіберіледі.

12. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға шығарылған нақты қалыптастырылған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс.

13. Банк акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Банктің Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы ұсыныстар алғаны туралы баяндауға міндетті.

14. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банк акционерлерінің жалпы жиналысында ұсынылған Банктің дауысқа қатысатын акцияларының жалпы санының басым дауысымен жүзеге асырылады.

15. Банк акционерлерінің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне келесілер енгізілуі мүмкін:

1) дербес немесе Банктің басқа акционерлерімен бірге Банктің дауысқа қатысатын акцияларының жиынтығында 5 (бес) немесе одан көп пайызына ие Банк акционерлері немесе Банктің Директор кеңесі ұсынған толықтырулар. Алайда ол үшін Банк акционерлеріне ондай толықтырулар туралы Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізетін күннен кемінде 15 (он бес) күн бұрын хабарлануы тиіс;

2) егер сол өзгертулер мен толықтыруларды енгізуге Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысқан және Банктің дауысқа қатысатын акциялардың жиынтығында кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызына ие Банк акционерлерінің басым көпшілігі дауыс берген болса, аталған өзгертулер және (немесе) толықтырулар.

16. Қатысу тәртібімен өткізілетін Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, мәселені шешу артықшылықты акцияларға ие Банк акционерлерінің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

17. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

18. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

19. Егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (Банк акционерлерінің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізетін кезде барлық бюллетендерді берген күнге немесе бюллетендерді беру мерзімі аяқталған күнге) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге қатысуға құқығы бар, Банктің дауысқа қатысатын акцияларының жиынтығында 50 (елу) және одан көп пайызына ие Банк акционерлерінің тізіміне енгізілген Банк акционерлері (Банк акционерлерінің өкілдері) тіркелген болса, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

20. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналыстың орнына қайталап өткізілетін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы төменде аталған жағдайларда күн тәртібі мәселесін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы:

1) кворумның болмауы себепті Банк акционерлерінің өтпегей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеу аяқталған сәтінде оған қатысу үшін Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 40 (қырық) және одан да асатын пайыздарына ие Банк акционерлері (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін Банк акционерлері тіркелген жағдайда.

21. Банк акционері жеке өзі немесе өз өкілі арқылы Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

22. Банк Басқарма мүшелері акционерлердің өкілі ретінде Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

23. Банктің акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қатысуға құқылы.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Банктің орналастырылған (дауыс беруші) акцияларының жалпы саңының 10 (он) және одан көп пайызын иемденуші, пайдаланушы, билік жүргізуші Банк акционері ірі қатысушы мәртебесін, не болмаса өзге мәртебе алуы керек болса, онда акциялар топтамасының жиынтығы Банктің акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын ірі Банк акционерінің және (немесе) акционерлердің өкілі, Банк акционерінің (акционерлерінің) сенімхатта көрсетілген шешіміне сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысындағы әр мәселе бойынша дауыс беруге жазбаша келісімі болған жағдайда ғана Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы.

25. Акциялар топтамасы жиынтығы Банктің акцияларының 10 (он) пайызынан аз мөлшерді құрайтын Банк акционерінің немесе акциялар топтамасы жиынтығы Банктің акцияларының 10 (он) пайызынан аз мөлшерді құрайтын Банк акционерінің өкілі Банк акционерлерінің жалпы жиналысының әр мәселесі бойынша шешімді сенімхатта жазбаша көрсетпей-ақ Банк акционерінің (акционерлерінің) мүддесін білдіруге құқылы.

26. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша нақты нұсқаулар қамтылған сенімхат негізінде өкіл болу жағдайын қоспағанда, Банктің жұмыскерлері Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банк акционерлерінің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқылы емес.

27. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісімшартқа сәйкес сенімхатсыз Банк акционерінің атынан әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

28. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады, Банк акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды. Банктің барлық акционерлері (олардың өкілдері) тіркеліп болған, Банк акционерлерінің жалпы жиналысын ашу уақытын өзгерту туралы хабардар

және оған қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

29. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысып отырған барлық акционерлер Банктің атқарушы органына енген жағдайды қоспағанда, Банктің Басқарма мүшелеріне Банк акционерлерінің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігіне жауапты болады.

30. Төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің бір акционеріне берілетін акциялар бойынша дауыстың ең көп мөлшерін шектеу болса;

2) Банктің Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде кумулятивті дауыс беру;

3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыс беру.

31. Кумулятивтік дауыс берген кезде акция бойынша берілетін дауыстарды Банк акционері Банктің Директорлар кеңесіне мүшелікке бір кандидатқа толық беруі немесе Банктің Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидаттар арасында бөлуі мүмкін. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Банктің Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады. Дауыс беру бюллетендер бойынша ашық дауыс беру және құпия дауыс беру әдісімен өткізілуі мүмкін.

32. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру – Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысып отырған Банк акционерлерінің дауыс беруімен (аралас дауыс беруімен) бірге, не болмаса Банк акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер Банк акционерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беруге арналған бюллетень Банк акционерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі тиіс:

1) пошта байланысы құралдарын пайдаланған кезде – Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуден кемінде 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын;

2) хабарламаны электрондық тәсілмен жіберген немесе оны қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жариялаған кезде – Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуден кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын;

Банк акционерлерінің саны 100 (жүз) және одан көп болған кезде сырттай дауыс берген кезде Банк қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында Банк акционерлерінің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге жариялауға міндетті.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға-Банк акционері (жеке тұлға-акционердің өкілі) қол қоюы тиіс және сол тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Заңды тұлға-Банк акционері сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге оның басшысы (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Банктің акционері өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе басқа құжаттың көшірмесі қоса беріледі. Жеке тұлға-Банк акционерінің немесе заңды тұлға-Банк акционерінің басшысының, немесе

жеке тұлға-Банк акционері өкілінің, немесе заңды тұлға-Банк акционері өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санау кезінде Банк акционері тарапынан бюллетеньде белгіленген санау тәртібі сақталған және дауыс берудің мүмкін тәсілдерінің тек қана бір түрі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінде Банктің директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қамтылған болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жеке кандидаттарға берілген дауыстарды санау үшін бөлек жолақ болуы тиіс.

Егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде Банктің барлық акционерлерінен тиісті әдіспен толтырылған бюллетеньдер дауыстарды санайтын күннен ерте келсе, дауыс беру нәтижесі туралы хаттамада көрсете отырып, дауысты ерте санауға рұқсат етіледі.

33. Дауыс берудің қорытындысы бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама жасайды және қол қояды, оны Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркейді.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасын хатшы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері және Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысқан Банктің дауысқа қатысатын акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызына ие акционерлер Банк акционерлерінің жалпы жиналысын жапқаннан кейін үш жұмыс күннің ішінде жасайды және қол қояды.

Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда хаттамаға оған берілген сенімхат негізінде оның өкілі не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісімшартқа сәйкес акционердің атынан немесе оның мүддесін білдіруге сенімхатсыз іс-әрекет етуге құқығы бар тұлға қол қояды.

Хаттамаға қол қоюға міндетті кез келген тұлға оның мазмұнымен келіспесе, бас тарту себептерін жазбаша түрде көрсете отырып, бас тартуға құқылы, аталған түсініктеме хаттамаға қоса тіркелуі тиіс.

34. Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарының барлық хаттамаларын Банктің Басқармасы сақтайды және онымен танысу үшін кез келген акционерге кез келген уақытта береді. Банк акционерінің талабы бойынша оған Банк акционерлерінің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

35. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі Банк акционерлерінің назарына Банк акционерлерінің жалпы жиналысын жапқан күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оларды қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілінде жариялау арқылы жеткізіледі.

21-бап. Банктің ірі акционерінің бастамасы бойынша Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері

1. Банктің ірі акционерінің Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру талабы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабарламаны Банктің Басқармасы орналасқан мекенжай бойынша Банктің Директорлар кеңесіне жіберу арқылы білдіріледі.

2. Банктің Директорлар кеңесі Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылатын Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібінің құрылған мәселелеріне өзгеріс енгізуге және жиналыс өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқылы емес.

3. Қойылған талаптарға сәйкес Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған кезде Банктің Директорлар кеңесі өзінің қалауы бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналыстың күн тәртібіне кез келген сұрақтар қосуға құқылы.

4. Егер Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру талабын Банктің ірі акционері (акционерлері) қойса, ол талаптарда ондай Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруды талап еткен Банк акционерлерінің аты (атауы) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

5. Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

6. Банктің Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен 10 (он) жұмыс күн ішінде шешім қабылдап, ондай шешім қабылдаған күннен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ол талапты қойған тұлғаға Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы, не болмаса оны шақырудан бас тарту туралы шешімін жіберуге міндетті.

7. Банктің Директорлар кеңесі төменде көрсетілген жағдайларда Банктің ірі акционерінің талабы бойынша Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешім қабылдауы мүмкін:

1) осы бапта белгіленген Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы тәртіп сақталмаған;

2) Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді.

8. Банктің Директорлар кеңесінің Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

9. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген мерзім ішінде Банктің Директорлар кеңесі қойылған талап бойынша Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдаса, оны шақыруды талап еткен тұлға Банкке Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

22-бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің Директорлар Кеңесі Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесідей мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Банк акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Акцияларды жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Банктің Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Банк облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Банк Басқармасы құрамының санын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Банк Басқармасы басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

10) қаржылық есептілік аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банктің мүлкін төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің айрықшы құнын бағалағаны үшін бағалаушының қызметіне ақы мөлшерін айқындау;

11) Банктің Ішкі аудит қызметінің құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын, мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Банктің Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы мөлшерін және сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Банктің Басқармасы қабылдайтын құжаттары кірмейді), оның ішінде аукциондар өткізу мен Банк бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту, аларға өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу;

15) Банктің басқа заңды тұлғалардың 10 (он) және одан да көп пайыздағы акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу (иелігінен шығару) бойынша шешім қабылдау;

16) басқа заңды тұлғалардың 10 (он) және одан да көп пайыздағы акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;

17) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінен он және одан да көп пайыз болатын шамаға көбейту;

18) Банктік немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) осы Жарғының 20-бабының 2-тармағының 20) және 21) тармақшаларына сәйкес ірі мәмілелер жасау туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, ірі мәмілелер жасау және жасауда Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

20) құны Банктің өзіндік капиталының он пайызынан асатын активтерін кепілге немесе ауыртпалықтың басқа формасына беру туралы мәмілелерді алғы бекіту;

21) Банктің қауіпсіздік саясатын белгілеуді қоса, Банктің қауіпсіздігі мәселелері бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

22) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 17-1-бабында белгіленген тиісті мәртебені алу шеңберінде ірі қатысушы - Банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және Банк сатып алған акцияларды шегеруімен) 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын иеленуші жеке тұлға немесе банктік холдингі ұсынған бизнес-жоспарды қарау;

23) Банктің стратегиясын (даму жоспарын) сақтауды қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе осы Жарғыда және/немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген Банктің Директорлар кеңесі туралы ережемен көзделген акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Тізімі осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелер, олар бойынша Банк Басқармасы шешім шығару үшін оған берілмейді.

4. Банктің Директорлар кеңесі банктік қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім шығарады.

5. Банктің Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ.

6. Банктің Директорлар кеңесі Банктің уәкілетті органдары мен комитеттерінің айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерінен бөлек аталған органдар мен комитеттер шығарған шешімдердің күшін жоюға, оларды өзгертуге, толықтыруға құқылы.

7. Директорлар кеңесі төмендегілерді істеуі тиіс:

1) Банктің лауазымды тұлғалары мен акционерлердің деңгейіндегі болуы мүмкін мүдделер қақтығысын, оның ішінде Банктің меншігі заңсыз пайдалануына және мүддесі бар мәмілелерді жасау кезінде зиян келуіне жол бермеуге және қадағалап отыруға;

2) Банктің корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауға.

8. Банктің Директорлар кеңесінің бір орнына бір үміткер сайлауға түскен кезден бөлек жағдайда Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Банктің акционері өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысын Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткерге немесе оларды бірнеше үміткерге бөлуге құқылы. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне ең көп дауыс жинаған үміткерлер сайланған болып есептеледі. Егер Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан көп үміткер бірдей дауыс жинаса, сол үміткерлер бойынша Банктің акционерлеріне бірдей дауыс жинаған үміткерлер көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін беру арқылы қосымша сайлау өткізіледі.

9. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне тек жеке тұлға сайлана алады.

10. Директорлар кеңесінің мүшелігіне:

1) Банктің Акционері – жеке тұлға;

2) Банктің Директорлар кеңесіне Банк акционерлерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;

3) Банктің акционері болып табылмайтын және Банктің Директорлар кеңесіне Банк акционерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) тұлғалар сайланады.

11. Банктің Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Банктің Директорлар кеңесіне сайланбайды.

12. Банктің Басқарма төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің Төрағалығына сайланбайды.

13. Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамы Банк акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленеді, бірақ 3 (үш) мүшеден кем болмауы керек.

14. Банктің Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директор болуға тиіс. Банктің Директорлар кеңесіне сайланушы тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.

15. Егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Банктің Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шексіз рет қайтадан сайлануға болады.

16. Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Банк акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленіп, Банктің Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланатын Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өту сәтінде аяқталады.

Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалатын еңбек және өзге де шарттарға, оның ішінде еңбек және өзге де шарттардың әрекетін өзгертетін немесе тоқтататын келісімдерге Банктің атынан Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы немесе қол қоюға Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өкілдік берген тұлға қол қояды.

17. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жекелеген мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттігі Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын қабылдау туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

18. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату – оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарламасының негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылады. Егер Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні хабарламада көрсетілмеген болса, Банктің Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттігі аталған хабарламаны Банктің Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

19. Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Банк акционерлерінің жалпы жиналысында кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте жаңадан сайланған Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімі Банктің Директорлар кеңесінің тұтастай өкілеттік мерзімімен қатар аяқталады.

20. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы құпия дауыс берумен өз мүшелерінің қатарынан жалпы санының көпшілік дауыспен сайланады. Банктің Директорлар кеңесі кез келген уақытта өзінің Төрағасын жаңадан сайлап алуға құқылы. Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асырады. Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

21. Банктің Директорлар кеңесі хатшысының міндетін корпоративтік хатшы, не болмаса Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оның бір мүшесі атқарады.

22. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі Банктің Директорлар кеңесінің немесе Банктің Басқармасының Төрағасының бастамасымен, не болмаса:

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 3) Банктің ірі акционерінің;
- 4) Банктің Ішкі аудит қызметінің

талабы бойынша шақырылады.

23. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына, Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі баяндалған тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы қойылады.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда бастама жасаған тұлға ол талабымен Банктің Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

24. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Банктің Басқармасы шақыру туралы талапты алған күннен 2 (екі) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

25. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өтуі тиіс.

26. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілістері Банктің Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жататын мәселелерді шешу қажеттілігінің туындауына қарай (егер тиісті жағдайларға осы Жарғыда басқа мерзім белгіленбеген болса, қарастырылатын мәселені Банктің Директорлар кеңесіне жіберген күннен бастап 2 (екі) күннен кешіктірмей) шақырылады және өткізіледі. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін корпоративтік хатшы әзірлейді, күн тәртібін жасайды және мәжіліс өткізілетін күннен кемінде бір күн бұрын күн тәртібінің мәселелерін, күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды Төраға мен Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің назарына жеткізеді.

27. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін жүргізу үшін кворум Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің сайланған санының жартысынан кем болмауы керек. Егер Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Банк акционерлерінің жалпы

жиналысында сайланғандардың жартысынан аз болса, Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Банктің Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

Банктің Директорлар кеңесінің қалған мүшелелері тек Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

28. Дауыс беру тікелей ашық әдіспен немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізілуі мүмкін. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында өзгесі қарастырылмаса, Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінде шешім қатынасушы Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің басым көпшілік дауысымен қабылданады. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісінде мәселелерді шешкенде Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

29. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауыстарды Банктің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне тыйым салынады.

30. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі төрағасының немесе мәжілісте төрағалық етуші Директорлар кеңесі мүшесінің шешуші дауыс болуына құқығы бар.

31. Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру мәжілісіне қатысушы Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің ашық түрінде дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру) немесе Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру өткізуде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдері (сұрау парақтары) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Директорлар кеңесінің мүшелері бюллетеньді (сұрау парақтарын) алу кезінде «қолдаймын/қарсымын» бағандарына әр бір мәселе бойынша өз дауыс беру түрін белгілейді және «қолы» бағанына өз қолын қояды. Дауыстарды санау кезінде Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде (сұрау парағында) белгіленген дауыс беру тәртібін сақтап, дауыс берген және мүмкін болған дауыс беру түрлерінің тек қана бір түрін белгілеп, дауыс берген мәселелер бойынша дауысы есептеледі.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер, егер оны қолдап, Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, заңды болып есептеледі. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілген күні болып Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньге (сұрау парағына) ең соңғы қол қойған күн саналады.

32. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілістерінде хатшы хаттама жүргізеді. Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы оны өткізгеннен кейін 3 (үш) күннен кешіктірмей рәсімделеді және мәжілісте төрағалық еткен тұлға және хатшы қолдарын қояды.

Банктің Директорлар кеңесінің хатшысы Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдермен танысу үшін және (немесе) хаттамалар мен шешімдердің өз қолы қойылған және Банк мөрімен расталған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

33. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде шағым беруге құқылы.

34. Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтыны туралы Банктің Басқармасын алдын ала ескертуге міндетті.

35. Егер аталған шешіммен Банктің және (немесе) Банктің акционерінің құқықтары мен заңды мүддесін бұзылған болса, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының және осы Жарғының талаптарын бұзу арқылы

қабылданған болса, Банктің акционері Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

23-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Банктің Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері төмендегі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің ішкі

құжаттарында қарастырылған өзге де мәселелер.

Банктің Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта айтылған мәселелерді қарау – Банктің Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

3. Банк Басқармасының төрағасы Банктің Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

4. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана Банктің директорлар кеңесі мүшелерінен құралады.

5. Банктің Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

24-бап. Банк Басқармасы

1. Банктің ағымдағы қызметіне алқалы атқарушы орган - Банк Басқармасы басшылық етеді.

2. Банк Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

3. Банк Басқармасы Банк атынан іс-әрекет етеді, шешім (қаулы) шығарады және Банктің барлық қызметкерлері орындаулары міндетті болатын нұсқаулар береді.

4. Банктің Басқарма төрағасын және Басқарма мүшелерін Банктің Директорлар кеңесі сайлайды.

5. Банк Басқармасының сандық құрамын Банктің Директорлар кеңесі белгілейді.

6. Банктің Басқармасы Банктің Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге сайланады.

7. Банктің Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігі Банктің Директорлар кеңесінің дербес бастамасы бойынша немесе Банктің Басқарма төрағасының ұсынысы бойынша кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Банктің Басқармасының барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Банктің Директорлар кеңесі бір мезгілде Банк Басқармасының жаңа құрамын сайлайды.

8. Банктің акционерлері және оның акционері болып есептелмейтін Банк қызметкерлері Басқарма мүшесі болуы мүмкін.

9. Банктің басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің осы Жарғысымен, Банктің Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ олардың әрқайсының Банкпен жасаған еңбек келісімшартымен белгіленеді.

10. Банктің Басқармасының төрағасымен жасалған еңбек келісімшартына Банктің атынан Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы немесе қол қоюға Банк акционерлерінің жалпы жиналысы немесе Банктің Директорлар кеңесі өкілдік берген тұлға қол қояды.

Басқарманың басқа мүшелерімен жасалатын еңбек келісімшартына Басқарма төрағасы қол қояды.

11. Банк Басқармасының мүшесі Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

12. Банк Басқармасының төрағасына басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының лауазымында немесе атқарушы органының жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымында қызмет атқаруына болмайды.

13. Банк Басқармасының құзыретіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, осы Жарғымен немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы және/немесе Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген Банк акционерлерінің жалпы жиналысының және Банктің директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Банк қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері, оның ішінде:

1) Банк дамуының басым бағыттарын, дамуының перспективалық және негізгі жоспарларын, оның ішінде Банктің жылдық бюджеті мен инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу және Банктің Директорлар кеңесіне ұсыну, оларды орындау туралы есептер дайындау, сонымен қатар Банк қызметінің ағымдағы жоспарларын әзірлеу және оларды бекіту;

2) Банктің перспективалық, ағымдағы жоспарлары мен бағдарламаларын ұйымдастыру, Банктің инвестициялық, қаржылық және өзге жобаларын жүзеге асыру;

3) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы және Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

4) Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында ішкі нормативтік құжаттар қабылдау жатады.

14. Банк Басқармасының төрағасы:

1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қатынастардағы өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

3) Банк қызметкерлерін (заңдық актілермен белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қоладанады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Банк Басқармасының және Банктің ішкі аудиті қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне төленетін сыйлықақылардың мөлшерін айқындайды.

4) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

5) Өзі болмаған жағдайларда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) осы Жарғымен және Банк акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Басқарма мәжілісін өткізуге дайындық, сондай-ақ шақыру мен жүргізу тәртібі, сонымен қатар шешім қабылдау тәртібі Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Басқарма мәжілістері Басқарма төрағасының, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы Банктің Басқармасы мүшесінің төрағалық етуімен қажеттілік туындауына орай шақырылады және өткізіледі.

16. Басқарма мәжілістерін шақыру құқығына келесі тұлғалар ие:

Банктің Басқарма төрағасы немесе оның міндетін атқарушы тұлға;

Басқарма мүшелері;

Банктің Директорлар кеңесі.

17. Банк Басқармасы оны шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей шақырылады және өткізіледі.

18. Банк Басқармасының мәжілісін дайындауды Банк Басқармасының хатшысы жүзеге асырады. Хатшыны Банк Басқармасының төрағасы тағайындайды. Банк Басқармасының хатшысы өз кезегінде күн тәртібін жасайды және мәжілістің өткізілуінен кем дегенде 2 (екі) күн бұрын күн тәртібінің мәселелері және күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің назарына жеткізеді.

19. Банк Басқармасы, егер де оның мәжілісінде Банк Басқармасы мүшелерінің кем дегенде үштен екі бөлігі қатысып отырса, шешім қабылдауға өкілетті. Банк Басқармасының шешімі мәжіліске қатысып отырған Банк Басқармасы мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

20. Банк Басқармасының мәжілісінде шешімдер қабылданғанда Банк Басқармасының әрбір мүшесі, Банк Басқармасының төрағасын қоса, бір дауысқа ие болады. Басқарма мүшелерінің дауысы тең болған жағдайда, шешуші дауыс құқығы Басқарма төрағасына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға тиесілі. Дауыс беру тек қана тікелей ашық тәсілмен өткізіледі.

21. Банктің Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа адамға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне табыстауына жол берілмейді.

22. Банктің Басқарма мәжілісінде Басқарма хатшысы хаттама жүргізеді, оған Банк Басқармасының отырысына қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Банк Басқармасының әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

25-бап. Банктің лауазымдық тұлғаларының жауапкершілігі

1. Банктің лауазымды тұлғаларына өздерінің іс-әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірген залалдары және Банк көтерген шығындары үшін, келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) жасауға мүдделілігі бар, лауазымды тұлғалардың, не болмаса олармен үлестес тұлғалардың бейберекетсіздігі және (немесе) әрекетсіздігі салдарынан, оның ішінде олар Банкпен ірі мәмілені және мүдделілік болуына орай мәміле жасау нәтижесінде табыс (кіріс) табу мақсатымен, Банкке шығын келтіруіне әкеліп соқтыратын ірі мәміле және мәміле жасау ұсынысы және (немесе) жасау туралы шешім қабылдау салдарынан келген залалдар үшін Банктің және Банк акционерлерінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілік артылады.

2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Банктің Жарғысымен қарастырылған жағдайларда ірі мәміле жасау және (немесе) жасауда мүддесі бар мәмілені жасау туралы шешім қабылдауы – сол мәмілелерді жасау туралы ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүше болып табылатын Банк органының мәжілісінде ұқыпсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіз қалған лауазымды тұлғаны, сонымен қатар оның немесе үлестес тұлғалардың пайда (табыс) алу мақсатында әрекет еткен тұлғаны - соларды орындау нәтижесінде Банкке залалдар келген болса, жауапкершіліктен босатпайды.

3. Банктің дауысқа қатысатын акцияларының жиынтығында 5 (бес) және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) Банк акционері (акционерлері) сот органдарына жүгінер алдында Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісінде ірі мәмілені және мәмілені жасауға мүдделілік болуына орай Банктің лауазымды тұлғалардың Банкпен мәміле жасау нәтижесінде, лауазымды тұлғалардың не болмаса олармен үлестес тұлғалардың ірі мәміле және мәміле жасау ұсынысы және (немесе) жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде

тапқан табысын (кірісін) қайтарулары туралы талабымен Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына талап қоюы тиіс.

Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде айтылған шағымды алған күннен 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банктің Директорлар кеңесінің ашық мәжілісін шақыруға міндетті.

Банктің Директорлар кеңесінің Банктің дауысқа қатысатын акцияларының жиынтығы 5 (бес) және одан көп пайызына ие (жиынтығында ие) Банк акционерінің (акционерлерінің) шағымы бойынша шығарылған шешімді оның (олардың) назарына мәжіліс өткізілген күннен 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде жеткізіледі.

Директорлар кеңесінің аталған шешімін алған немесе оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаған жағдайда Банктің дауыс беруші акцияларының жиынтығында 5 (бес) және одан көп пайызын иемденуші (иемденушілер) Банк акционері (акционерлері) аталған мәселемен Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінгенін растайтын құжаттары қолында болған жағдайда Банктің мүддесін қорғау мақсатында талап арызымен сотқа өз атынан жүгінуге құқылы.

4. Сотпен экономикалық қызмет саласындағы меншікке немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардың қызметінің мүддесіне қатысты қылмыс жасағандықтан кінәлі деп танылған, сондай-ақ аталған қылмысты жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Банктің лауазымды тұлғалары жазасын өтеген, не болмаса заңмен белгіленген тәртіппен соттылығы алынған, не болмаса қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Банктің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ Банк акционері өкілінің Банк акционерлерінің жалпы жиналысында міндеттерін атқара алмайды.

26-бап. Банктің ішкі аудит қызметі

1. Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Банктің Ішкі аудит қызметі жүргізеді.

2. Банктің Ішкі аудит қызметі тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Банктің Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Банктің Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.

3. Банктің Ішкі аудит қызметі шектелмей, келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) ішкі бақылау жүйесінің адекваттығы мен тиімділігін бағалау;
- 2) Банк тәуекелдерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекелі, операциялық тәуекелдер, комплаенс-тәуекел, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі және де басқа тәуекелдер) басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау;
- 3) Банктің саясаттары мен жосықтарының тиімділігін бағалау;
- 4) бухгалтерлік есеп пен ақпарат жүйелерінің және олардың негізінде жасалған қаржылық есептердің сенімділігін бағалау;
- 5) капиталды басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- 6) қызмет үздіксіз болуын басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- 7) пайдалылығын басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- 8) тәуекел-бағдарлы көзқарас негізінде жылдық ішкі аудит жоспарын әзірлеу;
- 9) Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына тексеру нәтижелері бойынша жасалған есепті және Банк бөлімшелерінің жұмысында табылған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныс беру;

10) аудиторлық тексеру нәтижесінде табылған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының жүзеге асырылуына мониторингі жүргізу;

11) Банктің Ішкі аудит қызметі мен Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит бөлімшелерімен өзара әрекеттесу қағидасын әзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік және өкімгерлік құжаттармен белгіленген басқа да мәселелерді қарау.

4. Банктің Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін Банктің Директорлар кеңесі ішкі жосықтарды бекіту арқылы белгілейді.

4-тарау. Өзге шарттар

27-бап. Банктің қаржы (операциялық) жылы

Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1-ші қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

28-бап. Банктегі есеп және есептілік

1. Банктің бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті жасау тәртібі мен тізбесі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, қаржы есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді;

2. Банктің шоғырландырылған негіздегі қаржылық және өзге есептілігін қоса қаржылық және өзге есептілігінің тізбесі, нысаны немесе нысандарына қойылатын талаптар, сондай-ақ беру мерзімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органы белгілейді.

29-бап. Банктің аудиті

1. Банк жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Банкке аудитті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Банк акционерлерінің жалпы жиналысы, не болмаса осы баптың 2-тармағына сәйкес Банктің ірі акционері белгілейтін аудит жүргізуге құзыретті аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Банкке аудит Банктің Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының бастамасы бойынша Банктің есебінен немесе Банктің ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Банктің ірі акционері аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Аудит Банктің ірі акционерінің талабы бойынша жүргізілген жағдайда Банк аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

30-бап. Банктің акционерлеріне Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі

Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте ақпараттар жариялайды.

31-бап. Банктің акционерлеріне Банктің құжаттарын беру тәртібі

1. Банктің қызметіне қатысты құжаттарды Банк өзінің іс-әрекет етуінің бүкіл мерзімі ішінде Басқарма орналасқан жерде сақтауы тиіс. Сақталуға келесі құжаттар жатады:

- 1) осы Жарғы, осы Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 2) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
- 3) құрылтай келісімшарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай келісімшартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар (жалғыз құрылтайшының шешімі);
- 4) Банктің белгілі бір қызмет түрлерімен және (немесе) белгілі бір әрекетпен (операциялар) айналысуға алған рұқсаты;
- 5) Банктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 6) Банктің бағалы қағаз шығару проспектілері;
- 7) Банктің бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздары күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ уәкілетті органға берілетін Банктің бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептері бекітілгенін растайтын құжаттар;

8) Банктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
9) Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар мен бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша құжаттар;

10) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу үшін берілетін Банк акционерлерінің тізімі;

11) Директорлар кеңесі мәжілістерінің (сырттай мәжілістерінің шешімдерінің) хаттамалары және бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), Банктің Директорлар кеңесі мәжілістерінің күн тәртібі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, осы Жарғыға және Банктің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектіне сәйкес Банк акционерлерінің құқықтарына қатысты материалдар;

12) Банктің Басқарма мәжілістерінің (шешімдерінің) хаттамалары;

13) Банктің корпоративтік басқару кодексі.

2. Басқа құжаттар, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

3. Акционердің талабы бойынша Банк Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген құжаттардың көшірмесін осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, ондай жазбаша талап Банкке келген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте Банктің бағалы қағаздары шығаруының, орналастыруының, айналымының және айырбасталуының жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттардан басқасын, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпарат беруде шектеу қоюға рұқсат етіледі.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін ұсталатын ақының мөлшерін Банк белгілейді және ол мөлшер құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығын мен құжатты Банктің акционеріне жеткізуге байланысты шығындардың төлемі құнынан аспауы тиіс.

32-бап. Банктің акционерлері мен лауазымды тұлғаларына олардың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі

1. Банк өзінің үлестес тұлғаларының есебін сол тұлғалардың немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде жүргізеді (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Банктің ірі акционері болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана).

2. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Банкке беруге міндетті.

3. Банктің акционерлері мен лауазымды тұлғалары үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Банк Басқармасына жазбаша түрде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті.

33-бап. Банк қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау

1. Банк жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті орган белгіленген тәртіпте және мерзімде шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жариялап отырады.

2. Ірі мәміле және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке қосылған түсініктеме хатында жарияланады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі.

3. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын қарайтын сомаға мүлік сатып алынатын, не болмаса иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары туралы, мәміле мерзімі мен шарттары, құрылдырылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтер қамтылуы тиіс.

4. Банк корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Банктің жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, Банктің үлестес тұлғаларының тізімдерін, сонымен қатар жылдың қорытындысы бойынша Банктің Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және мерзімде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етеді.

5. Банк тоқсан аралық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды және қор биржасының интернет-ресурсында соның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Банктің барлық корпоративтік оқиғалары туралы және тоқсан аралық қаржылық есептілікті жариялау үшін қор биржасына берілуін қамтамасыз етеді.

6. Банк Банктің ірі акционерлері туралы ақпаратты, сондай-ақ басқа заңды тұлғада басшылық лауазымды немесе басқа негізгі қызметті қоса атқаратын Банктің Директорлар кеңесі мүшелері туралы мәліметтерді, қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленетін тәртіпте олардың басқа заңды тұлғадағы өкілеттігі мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, Банктің www.nurbank.kz WEB-сайтына орналастырады.

7. Банк Басқармасы жыл сайын Банк акционерлерінің жалпы жиналысына өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген аудитті пысықтау және түпкілікті бекіту үшін беріп отырады. Банк Басқармасы Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қаржылық есептілікпен қоса аудиторлық есепті беріп отырады.

8. Банктің жылдық қаржы есептілігін, Банктің Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күннен кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын бекітуі тиіс.

9. Банктің жылдық қаржылық есептілігін нақты бекіту Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

34-бап. Банк қызметін тоқтату шарттары

1. Банк қызметі оны қайта құру немесе тарату арқылы тоқтатылады.

2. Банкті қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты болған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Сот Банкті мәжбүрлі қайта құру немесе Банкке қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы мәселені тек қана уәкілетті органның тиісті қорытындысы болған кезде шешуге құқылы.

Мәжбүрлі қайта құру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жылдың ішінде Банктегі барлық депозиттерді мүдделі тұлғаларға Банктің қайтаруы – Банкті мәжбүрлі қайта құрудың, оңалту рәсімдерін жүргізудің міндетті шарты болып табылады.

Бұл шартты орындамау салдары Банкті мәжбүрлі түрде таратуға әкеп соқтырады.

5. Банк келесідей жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) уәкілетті органның рұқсаты болған кезде Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).

6. Банкті сот арқылы мәжбүрлі тарату келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) Банк банкротқа ұшыраса;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Банк банктік операциялар жүргізуге берілген лицензиясынан айырылса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа негіздер бойынша Банк қызметін тоқтату туралы уәкілетті мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар арызданса (талап қойса).

7. Уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті ерікті таратқан жағдайда тарату комиссиясы құрылады, оған Банктің мүлкі мен жұмысын басқаруға өкілеттік беріледі.

8. Тарату комиссиясы Банктің таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

9. Ерікті түрде таратылатын банктердің тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктері уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

10. Ерікті таратуға рұқсат алғаннан кейін Банк ол туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспа құралдарында жариялауға міндетті.

11. Банкті тарату рәсімі, оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі және Банктің мүлкін үлестіру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

12. Басқа жағдайларда Банктің қызметін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы

өкілеттік берген

«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының

Басқарма төрағасы



Э.Р. Сарсенов

Сарсенов
Евгений
Евгеньевич

Утвержден
годовым Общим собранием
акционеров АО «Нурбанк»
протокол
от «28» мая 2019 года



**Устав
Акционерного общества
«Нурбанк»**

Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовой статус Акционерного общества «Нурбанк» как юридического лица, именуемого в дальнейшем «Банк».

Глава 1. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:
 - а) на казахском языке: «Нурбанк» Акционерлік қоғамы;
 - б) на русском языке: Акционерное общество «Нурбанк»;
 - в) на английском языке: «Nurbank» Joint-Stock Company.
2. Сокращенное наименование Банка:
 - а) на казахском языке: «Нурбанк» АҚ;
 - б) на русском языке: АО «Нурбанк»;
 - в) на английском языке: «Nurbank» JSC.

Статья 2. Юридический статус Банка

1. Банк является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, корреспондентские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве банка в органах юстиции и наличием лицензии уполномоченного органа Республики Казахстан (далее по тексту настоящего Устава - уполномоченный орган) на проведение банковских операций.

2. Форма собственности Банка – частная.
3. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
4. Банк осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, обычаями делового оборота, применяемыми в банковской практике, в части, не противоречащей законодательству Республики Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами Банка.

Статья 3. Цели и виды деятельности Банка

1. Банк учрежден в целях качественного и комплексного обслуживания физических и юридических лиц, резидентов и нерезидентов Республики Казахстан.
2. Целями деятельности Банка являются:
 - 1) содействие формированию и дальнейшему развитию рыночной экономики в Республике Казахстан;
 - 2) осуществление финансовой деятельности, способствующей становлению и развитию различных отраслей и секторов экономики и социальной сферы;
 - 3) получение доходов и использование их в интересах акционеров Банка;
 - 4) осуществление и расширение спектра банковских услуг в соответствии с международными нормами, стандартами и законодательством Республики Казахстан.
3. Для достижения указанных целей Банк осуществляет банковские и иные операции в соответствии с лицензией уполномоченного органа и в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
4. Банк вправе осуществлять иные виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

Статья 4. Общие сведения о деятельности Банка

1. Банк осуществляет свою деятельность с клиентами на договорной платной основе, определяющей взаимные обязательства и имущественную ответственность сторон.

2. Банк обладает обособленным имуществом: зданиями, сооружениями, оборудованием, различными фондами, деньгами, принадлежащими Банку на праве собственности, а равно имущественными правами.

3. На деньги и другое имущество организаций и граждан, находящихся в Банке, может быть наложен арест или обращено взыскание только в случаях и в порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

4. Банк гарантирует тайну по операциям, счетам и вкладам своих клиентов, депозиторов и корреспондентов, а также тайну имущества, находящегося на хранении в сейфовых ящиках, шкафах и помещениях Банка.

5. Сведения, составляющие банковскую тайну, могут быть раскрыты только в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан.

Статья 5. Ответственность Банка и его акционеров

1. Банк обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам.

